LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СК дисплейлі теледидар / жарық диодты СК дисплейлі теледидар

Құрылғыны қолданар алдында нұсқаулықты мұқият оқып, анықтамалық құрал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

KZ. 7500561

P/NO: MFL67099916-KA

www.lg.com

- Құрылғыны пайдаланар алдында осы қауіпсіздік ережелерін зер салып оқып шығуыңызды өтінеміз.
- Бұл нұсқаулықтағы суреттер сіз сатып алған құрылғыдан сәл басқаша болуы мүмкін, себебі, олар тек нұсқаулар түсінікті болу үшін көмек ретінде берілген.

⚠ ЕСКЕРТУ
- Егер сіз ескерту хабарын назарға алмасаңыз, қатты жарақат алуыңыз мүмкін немесе тіпті жазатайым оқиға немесе өлімге соқтыру қаупі бар.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ
- Егер сіз ескерту хабарын назарға алмасаңыз, сіз жеңіл жарақат алуыңыз мүмкін немесе құрылғыға зақым келуі мүмкін.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

⚠ ЕСКЕРТУ

Электр жылытқыштары сияқты жылу көздерінен алыс ұстаңыз.
- Әйтпесе электр тогы соғуы, өрт шығуы, құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі немесе пішіні бүлінуі мүмкін.

Құрылғы дымқыл тартуы мүмкін ванна бөлмесі сияқты қандай да бір ылғалды жерде оны пайдаланбаңыз.
- Әйтпесе бұл өрт шығуына немесе электр тогы соғуына себеп болуы мүмкін.

Егер сіз монитордан түтін иісін немесе басқа иіс сезсеңіз немесе бетен дыбыс естісеңіз, қуат көзіне қосу сымын ажыратыңыз да, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Егер сіз тиісті сақтық шараларын қабылдамастан пайдалана берсеңіз, электр тогы соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер сіз құрылғыны жерге құлатып алсаңыз немесе оның қорабы сынса, оны өшіріп, қуат көзіне қосу сымын ажыратыңыз.
- Егер сіз тиісті сақтық шараларын қабылдамастан пайдалана берсеңіз, электр тогы соғуы немесе өрт шығуы мүмкін. қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Құрылғыны тура түскен күн сәулесінен аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыға зақым келуі мүмкін.

Осы құрылғыны кітап шкафы немесе сәре сияқты құрастырмалы қондырғының ішіне қоймаңыз.
- Желдетілу талап етіледі.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫНА ҚАТЫСТЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

⚠ ЕСКЕРТУ

Қуат көзі кабелін жерге қосылған ток көзіне жалғауды ұмытпаңыз.
- Олай болмаса сізді электр соғуы немесе жарақат алуыңыз мүмкін.

Қуат көзі ашасын дымқыл қолмен ұстамаңыз. Сонымен бірге, егер аша істікшесі дымқыл немесе шаң басқан болса, қуат көзі ашасын әбден құрғатыңыз немесе шаңын сүртіңіз.
- Олай етпесеңіз, артық ылғалдың салдарынан сізді электр тогы соғуы мүмкін.

Дауыл соққан немесе найзағай жарқыраған кезде қуат көзі сымын немесе сигнал кабелін ажыратып қойыңыз.
- Олай болмаса сізді электр соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қуат көзіне қосу сымын оратылып, бұратылып, қысылып, есікке қыстырылып немесе үстінен басылып қалу сияқты физикалық немесе механикалық зақымнан сақтаңыз. Әсіресе ашаларға, қабырғалық розеткаларға және сым электр аспабынан шығатын жерге ерекше назар аударыңыз.

Бұл құрылғы айнымалы ток қабығы шығысына қосулы кезде құрылғыны ҚОСУ арқылы өшіретін болсаңыз да, ол айнымалы ток қорегінен ажыратылмайды.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖЫЛЖЫТҚАН КЕЗДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

⚠ ЕСКЕРТУ

Құрылғыны токтан ажыратуды ұмытпаңыз. Құрылғыны жылжытпас бұрын барлық сымдарды шешіп тастауды ұмытпаңыз.
- Әйтпесе сізді электр тогы соғуы немесе өнімге зақым келуі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Құрылғыны жылжытқан кезде оны соғып алмаңыз.
- Әйтпесе сізді электр тогы соғуы немесе өнімге зақым келуі мүмкін.

Панелін алдыңғы жаққа қаратуды ұмытпаңыз және оны жылжытқанда екі қолмен ұстаңыз.
- Егер сіз құрылғыны құлатып алсаңыз, зақымданған құрылғы электр тогы соғуына немесе өрт шығуына себеп болуы мүмкін. Жөндеу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

⚠ ЕСКЕРТУ

Құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз, жөндемеңіз және өзгертпеңіз.
- Өйткені өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.
- Тексеру, дәлдеу немесе жөндеу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Өрт шығу не электр тогы соғу қатерін азайту үшін осы құрылғыға жаңбыр не ылғал тигізбеңіз.
Бұл аппаратқа ештеңенің тамшылауына не шашырауына жол бермеу керек және аппараттың үстіне ваза сияқты ішінде сұйықтық бар заттар қоюға болмайды.

Кез келген ағымдық жөндеуге байланысты білікті қызмет көрсетуші мамандарға жүгініңіз.
Ағымдық жөндеу құрылғыға кез келген түрде зақым келген жағдайда, мысалы, қуат көзіне қосу сымы немесе ашасы зақымданғанда, құрылғының ішіне сұйық зат ағып кетсе немесе қатты заттар түсіп кеткенде, құрылғыға жаңбыр немесе ылғал тисе, ол дұрыс жұмыс істемесе немесе құлап кеткен жағдайда қажет болады.

ТЕЛЕДИДАР БЕЙНЕБЕТІНДЕГІ “БЕЙНЕНІҢ КҮЙІП КЕТУІ/КҮЙІП КЕТУДІҢ” АЛДЫН АЛУ ҮШІН МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

- Егер орнатылған бейне (мысалы, логотип, бейнебет мәзірлері, бейне ойын, компьютер дисплейі және телемәтін беттері) теледидарда ұзақ уақыт бойы көрсетілсе, оның ізі бейнебетте уақытша қалып қоюы мүмкін. Бұл құбылыс “бейненің күйіп кетуі” немесе “күйіп кету” деген атаумен белгілі. Бейненің күйіп кетуіне дайындаушы кепілдігі берілмейді.
- Бейненің күйіп кетуін алдын алу үшін орнатылған бейненің теледидар бейнебетіне шамадан тыс уақыт көрсетіліп тұруына жол бермеңіз (СКД үшін 2 немесе одан көп сағат, плазмалық теледидар үшін 1 немесе одан да көп сағат).
- Егер 4:3 бейне пішімі теңшелімін ұзақ уақыт бойы қолданатын болсаңыз, бейненің күюі теледидардың кең бейнебеттік пішім аумағында да пайда болуы мүмкін.

ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

Орамынан шығару

Өнімнің қорабында төмендегі заттардың бар екенін тексеріңіз. Кейбір қосалқы құралдары жетіспесе, өнімді сатқан жергілікті дилерге хабарласыңыз. Нұсқаулықтағы суреттер өнімнің және бірге берілген заттардың нақты түрінен өзгеше болуы мүмкін.

Қашықтан басқару құралы және батареялар (AAA)

Пайдаланушы нұсқаулығы

Сүртетін шүберек[1] (Бұл бұйым барлық үлгілерге қосылмаған)

Феррит өзегі (Үлгіге байланысты)

Қуат сымы(Бұл бұйым барлық үлгілерге қосылмаған)

1 Теледидардың сыртындағы дақтарды шүберекпен ақырын сүртіп алыңыз.

Тек 22LK33** үлгісінде

Кабель ұстатқыш

Қорғағыш қақпақ

Тек 26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53**, 32/37/42LK45**, 32/42LK55** үлгілерінде

x 8

(M4x20)

Құрастыру бұрандасы

(47LK53** үлгісінен басқасында)

Бекіту бұрандасы

Қорғағыш қақпақ

Тек 19/22/26LV25**, 22/26LV55**, 19/22LV23** үлгілерінде

x 2

(M4x6)

x 2

(M4x16)

Құрастыру бұрандасы

немесе

Кабель ұстатқыш

Тұрақты ток адаптері

Қазақша

Тек 32LV25**, 32/37/40/42/47LV35**, 32/42/47/55LW45**, 32/37/42/47LV45**, 32/42LV34** үлгілерінде

(M4x12)
(32LV25** үлгілерінен басқасында))

(M4x14)
(Тек 32LV25** үлгілерінде))

Құрастыру бұрандасы

Кабель ұстатқыш

(Тек 32LV25**, 32/37LV35**, 32LW45**, 32/37LV45**, 32LV34** үлгілерінде)
Бекіту бұрандасы

(Тек 32/42/47/55LW45** үлгілерінде)
3D көзілдірігі (AG-P110, AG-F110)

ЕСКЕРТПЕ

- Қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өнімнің жұмыс мерзімін арттыру үшін, қолдан жасалған өнімдерді пайдаланбаңыз.
- Қолдан жасалған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе жарақаттар кепілдікке кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Өніммен бірге берілген заттар оның үлгісіне қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнім сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтың мазмұны өнім функцияларының жетілдірілуіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Байланыс жақсы орнатылуы үшін, HDMI кабельдері және USB құрылғылары ұштарының қалыңдығы 10 мм-ден және ені 18 мм-ден аспауы керек.(22/26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53** үлгілерінен басқасында)



*A ≦ 10 mm
*B ≦ 18 mm

Бөлшектер мен түймелер

ЕСКЕРТПЕ

- Тұтынылатын қуат мөлшерін азайту мақсатында теледидарды күту режиміне қоюға болады. Егер біраз уақыт қарамайтын болса, теледидарды өшіріп қою қажет. Бұл тұтынылатын қуат мөлшерін азайтады.
- Пайдалану барысында бейне жарықтығы азайтылатын болса, ол қуат шығындарын елеулі түрде азайтып, жалпы пайдалану шығындарын төмендетеді.

ЕСКЕРТУ

- Шыны тірекке тұрмаңыз немесе оған ешқандай соққы келтірмеңіз. Ол сынып кетіп, шыны жарықшақтары жарақаттауы немесе теледидар құлап кетуі мүмкін
- Теледидарды сүйретпеңіз. Еден немесе өнім зақымдалуы мүмкін

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 22/26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53** үлгілерінде (32/42/47LK530T үлгілерінен басқасында)



No.	Сипаттама
1	USB кірісі
2	PCMCIA картасының ұясы
3	HDMI кірісі(22LK33** үлгілерінен басқасында)
4	Құлақаспапқа арналған ұя

Түйме	Сипаттама
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
OK	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
− ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
˅ P ˄	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді. (Тек 32/42/47LK53** үлгілерінде)

Қазақша

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 19/22/26LV25**, 19/22LV23**, 22/26LV55** үлгісінде



Түйме	Сипаттама
∨ P ∧	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды
− ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
OK	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.
2 Түрту түймесі: түрту арқылы қалаған түйме функциясын қолдануға болады.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 32/42/47LK530T, 32/42LK550T, 32/37/42/47LV355T үлгісінде



Түйме	Сипаттама
∨ P ∧	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды
− ◁ +	Дыбыс деңгейін реттейді
OK	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.
2 Түрту түймесі: түрту арқылы қалаған түйме функциясын қолдануға болады.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тек 32/37/42LK45**, 32/42LK55**, 32LV25**, 32/42LV34**, 32/37/40/42/47LV35**, 32/37/42/47LV45**, 32/42/47/55LW45** үлгісінде (32/42LK550T, 32/37/42/47LV355T үлгілерінен басқасында)



No.	Сипаттама
1	USB кірісі
2	PCMCIA картасының ұясы
3	HDMI кірісі(32/42LV34** үлгілерінен басқасында)
4	Құлақаспапқа арналған ұя(32/42LV34** үлгілерінен басқасында)

Түйме	Сипаттама
∨ P ∧	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды
− ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді
OK	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды
HOME	Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады
INPUT	Кіріс көзін өзгертеді
⏻/I	Қуатты қосады немесе өшіреді

1 Зерделі сенсор: қоршаған ортаға сәйкес бейне сапасын реттейді.

2 Түрту түймесі: түрту арқылы қалаған түйме функциясын қолдануға болады.

Үстел тәріздес тіректі қолданбау

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/42/47LK53**, 32/37/42LK45**, 32/42LK55** үлгілерінде)

1 Сырт еткен дыбыс шыққанша, берілген қорғағыш қақпақты теледидардың түбіндегі саңылауға кіргізіп, басыңыз.

(Тек 22LK33** үлгісінде)

1 Теледидарды жазық бетке экранын төмен қаратып жатқызыңыз.

2 2 бұранданы шығарып, тіректі теледидардан тартып шешіңіз.



3 Орнына түскенше, берілген қорғағыш қақпақты теледидардың түбіндегі саңылауға кіргізіп, басыңыз.
Сонда саңылауға шаң мен кір жиналмайды.

Үстелге орнату

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

1 Теледидарды көтеріп, үстелге тігінен қойыңыз.
- Желдетуге арнап, қабырға мен теледидардың арасында 10 см (ең кемінде) бос орын қалдырыңыз.



2 Қуат сымын қабырғадағы розеткаға қосыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Теледидарды жылу көзінің жанына немесе үстіне қоймаңыз: өрт шығу қаупі бар.

ЕСКЕРТПЕ

- 20 градусқа солға немесе оңға бұрып, теледидарды көру бұрышын реттеңіз. (22LK33**, 19/22/26LV25**, 22/26LV55**, 19/22LV23** үлгілерінен басқасында)



Қазақша

Қазақша

Теледидарды үстелге бекіту

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 26/32LK33**, 32/37/42LK43**, 32/37/42LK45**, 32/42LK53**, 32/42LK55**, 32LV25**, 32/37LV35**, 32LW45**, 32/37LV45**, 32LV34** үлгілерінде)
Алдыға еңкейіп кетпеуі, зақымданбауы және адамға жарақат тудырмауы үшін, теледидарды үстелге бекітіп қойыңыз.
Теледидарды үстелге орнатып, берілген бұранданы тіректің артына салып, тартыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Құлап кетпеу үшін, орнату нұсқаулары бойынша теледидарды еденге/қабырғаға мықтап бекіту керек. Теледидарды еңкейткенде, шайқағанда немесе ырғағанда, адам жарақат алуы мүмкін.

Теледидарды қабырғаға бекіту

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



1 Сақиналы болттарды немесе теледидардың артқы жағындағы қапсырмалар мен болттарды кіргізіп, тартыңыз.
   - Сақиналы болттардың орнында басқа болттар болса, алдымен соларды шығарып алыңыз.

2 Қабырға қапсырмаларын болттардың көмегімен қабырғаға орнатыңыз.
   Қабырға қапсырмасы мен теледидардың артындағы сақиналы болттарды бір-біріне келтіріңіз.

3 Сақиналы болттарды және қабырға қапсырмаларын мықты баумен тартып байлап қойыңыз.
   Бау тегіс бетке көлденең тартылып тұру керек.

ЕСКЕРТУ

- Балалардың теледидарға шықпауын және асылып тұрмауын қадағалаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидар теңселмей тұратын мықты және үлкен үстел немесе түпқойманы пайдаланыңыз.

Қабырғаға орнату

Теледидардың артқы жағына қабырға қабырғаға бекіту тетігін тағып, тетікті қатты, еденге перпендикулярлы түрде қабырғаға бекітіңіз. Теледидарды басқа құрылыс бөліктеріне орнату үшін, білікті мамандарға хабарласыңыз.

LG компаниясы қабырғаға бекітуді білікті кәсіби орнатушы орындауын ұсынады.



Міндетті түрде VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту тетіктерін қолданыңыз. Қабырғаға бекіту жинақтарының стандартты өлшемдері төмендегі кестеде берілген.

Бөлек сатылады (қабырғаға бекіту қапсырмасы)

Үлгі	22LK33** 19/22/26LV25** 22/26LV55** 19/22LV23**	26/32LK33** 32LK43** 32LK45** 32LK53** 32LK55** 32LV25** 32LV35** 32LV45** 32LW45** 32LV34**
VESA (A x B)	100 x 100	200 x 100
Стандартты бұранда	M4	M4
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы (қосымша)	LSW100B, LSW100BG	
Үлгі	37/42LK43** 37/42LK45** 42LK55** 42/47LK53** 37LV35** 37LV45**	40/42/47LV35** 42/47LV45** 42/47/55LW45**
VESA (A x B)	200 x 200	400 x 400
Стандартты бұранда	M6	M6
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW200B, LSW200BG	LSW400B, LSW400BG

Үлгі	42LV34**
VESA (A x B)	400 x 400
Стандартты бұранда	M6
Бұрандалар саны	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW400BXG

ЕСКЕРТУ

- Алдымен қуатты ажыратыңыз, содан кейін барып теледидарды жылжытыңыз немесе орнатыңыз. Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.
- Төбеге немесе қисық қабырғаға орнатса, теледидар құлап, ауыр жарақат тудыруы мүмкін. Рұқсат етілген LG қабырғаға бекіту тетігін қолданыңыз және жергілікті дилерге немесе білікті мамандарға хабарласыңыз.
- Бұрандаларды тым қатты бұрамаңыз: теледидар зақымданып, кепілдік күшін жоюы мүмкін.
- VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту тетіктерін қолданыңыз. Дұрыс қолданбау немесе сәйкес келмейтін қосалқы құралды пайдалану нәтижесінде болған зақымдар мен жарақаттар кепілдікке кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- VESA стандартты бұранда сипаттамаларының тізімінде берілген бұрандаларды пайдаланыңыз.
- Қабырғаға бекіту жинағына орнату нұсқаулығы мен қажетті бөлшектер кіреді.
- Қабырғаға бекіту тетігіне байланысты бұрандалардың ұзындығы әртүрлі болуы мүмкін. Міндетті түрде қажетті ұзындықты таңдаңыз.
- Қосымша ақпаратты қабырғаға бекіту тетігімен берілген нұсқаулықтан қараңыз.

Пайдаланушы нұсқаулығына қосымша ақпарат

Пайдаланушы нұсқаулығын қарау

PDF файл пішіміндегі пайдаланушы нұсқаулығы ықшам дискіде берілген. Пайдаланушы нұсқаулығын компьютерде қарау үшін, Adobe Acrobat Reader бағдарламасын орнатыңыз.

1 Берілген ықшам дискіні енгізіңіз.
Веб-бет автоматты түрде ашылады.

2 Веб-беттегі пайдаланушы нұсқаулығын басыңыз.

3 Пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Веб-бет автоматты түрде ашылмаса, пайдаланушы нұсқаулығын қарау үшін, Менің компьютеріме кіріп, LG белгішесін, одан кейін index.htm белгішесін басыңыз.

Дисплейді орналастыру

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 22LK33** үлгісінде)

Ыңғайлы болу үшін, панельді әртүлі жолмен орналастырып көріңіз.

• Еңкейту бұрышының диапазоны



Теледидарды жалғау

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

(Тек 19/22/26LV25**, 22/26LV55**, 19/22LV23** үлгілерінде)

1 Антенна кабелін теледидардағы антенна кірісінің портына жалғаңыз.

2 Тұрақты ток адаптерінің штепсельдік ұшын теледидардағы қуат кірісінің ұясына жалғаңыз.

3 Қуат сымын алдымен тұрақты ток адаптеріне жалғап, содан кейін қуат сымын қабырға розеткасына қосыңыз.

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелерге арналған. Нұсқаулықты мұқият оқып, теледидарды дұрыс пайдаланыңыз.



Батареяларды ауыстыру үшін, батарея қақпағын ашып, батареяларды (1,5 В AAA) ⊕ және ⊖ жақтарын ішіндегі белгілерге келтіріп салыңыз да, қақпақты жабыңыз. Қашықтан басқару құралын теледидардағы сенсорына бағыттау керек.

Батареяларды шығару үшін, орнатқандағы әрекеттерді керісінше орындаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз: қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



⏻(ҚУАТ)	Теледидарды қосады немесе өшіреді.
LIGHT («Жарық»)	Қашықтан басқару құралының түймелеріне жарық береді.
ENERGY SAVING	Тұтынылатын энергияны азайту үшін экранның жарықтығын реттейді.
AV MODE	AV режимін таңдайды.
КІРІС	Кіріс көзін өзгертеді және теледидарды қосады.
Теледидар/Радио	Радио, теледидар және DTV бағдарламаларын таңдайды.
Сан түймелері	Сандарды енгізеді.
ТІЗІМ	Сақталған бағдарламалар тізімін көрсетеді.
ЖЫЛДАМ КӨРІНІС түймес	Бұрын қаралған бағдарламаларға әкеледі.
◿ + -	Дыбыс деңгейін реттейді.
БЕЛГІЛЕУ	Мәзір немесе опцияны таңдайды.
ТАҢДАУЛЫ («Таңдаулы»)	Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсетеді.
CHAR/NUM («Әріп/сан»)	Әріпті және санды енгізу режимдерін ауыстырып қосады.
3D	3D бейнесін көруге пайдаланылады.
DELETE («Өшіру»	Әріптер мен сандарды өшіреді.
ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ	Бүкіл дыбыстарды өшіреді.
P∧ ∨	Сақталған бағдарламаларда жылжиды.
БЕТ	Алдыңғы немесе келесі экранға өтеді.
Нұсқаулық	Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді.
Негізгі бет	Негізгі мәзірлерді көрсетеді.
Оң жағын/сол жағын таңдау	Жылдам мәзірлерді көрсетеді.
Жылжу түймелері (жоғары/төмен/солға/оңға)	Мәзірлер мен опциялар бойынша жылжиды.
OK	Мәзірлер мен опцияларды таңдап, енгізуді растайды.
Кері	Алдыңғы деңгейге қайтады.
АҚПАРАТ	Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді.
ШЫҒУ	Экрандағы дисплейлерді кетіріп, теледидарды көру режиміне қайтарады.
Түсті түймеле	Бұл түймелер телемәтін (тек ТЕЛЕМӘТІН үлгілерінде), бағдарламаны өңдеу үшін қолданылады.
3D ПАРАМЕТРІ (тек 3D үлгілерінде)	3D бейнесін көру үшін қолданыңыз.
1 ТЕЛЕМӘТІН түймелері	Бұл түймелер телемәтінге арналған. Қосымша ақпаратты «Телемәтін» бөлімінен қараңыз.
Субтитр	Сандық режимде қалаулы субтитрді қайта шығарады.
Басқару түймелері(■, ▶, II , ◀◀, ▶▶)	МЕНІҢ МУЛЬТИМЕДИАМ мәзірлерін немесе SIMPLINK үйлесімді құрылғыларын (USB,SIMPLINK) басқарады.
SIMPLINK	Теледидарға қосылған AV құрылғыларына өтеді және SIMPLINK мәзірін ашады.
ПІШІМ	Бейненің өлшемін өзгертеді.
AD	Дыбысты сипаттау функциясын қосады немесе өшіреді.

ТЕЛЕДИДАР ҚАРАУ

Антеннаны жалғау

Теледидар қарау үшін, төмендегі нұсқаулар бойынша антеннаны жалғаңыз.
Зақым келмеу үшін, құрылғылар толық байланысып болғанша, қуат сымдарын розеткаға қоспаңыз.

RF кабелі (75 Ω) арқылы теледидарды қабырғадағы антенна ұясына жалғаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Сурет сапасы мейлінше оңтайлы болу үшін антеннаның бағытын лайықтаңыз.
- Сигнал әлсіз болған аймақтарда сурет сапасын мейлінше жақсарту үшін, сигнал күшейткішін суретте көрсетілгендей етіп антеннаға орнату керек болуы мүмкін.
- Егер антенна қосылған күйде бейне сапасы нашар болса, антеннаның бағытын түзетіңіз.
- Антенна кабелі мен конвертер жинаққа кірмейді.

Теледидарды бірінші рет қосу

Теледидарды бірінші рет қосқанда, Алғашқы орнату экраны пайда болады. Тілді таңдап, негізгі параметрлерді реттеңіз.

1 Қуат сымын розеткаға қосыңыз.

2 Күту режимінде теледидарды қосу үшін, ⏻(ҚУАТ) түймесін басыңыз.

Теледидарды бірінші рет қосқанда, Алғашқы орнату экраны пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Басты мәзірде **ПАРАМЕТР** тармағына өтіп, **Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру** мүмкіндігін пайдалануға болады.

3 Теледидардың параметрлерін қалауларыңызға сәйкес реттеу үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Тіл	Көрсетілетін тілді таңдайды.
⇩	
Режимді орнату	Үй ортасы үшін **Үйде қолдану** функциясын таңдайды.
⇩	
Қуат көрсеткіші	Қуат көрсеткішін орнатады. («Режим орнату» мәзірінен «Үйде қолдану» опциясын тек ЖД СКД теледидарлары үшін таңдаңыз)
⇩	
Ел	Көрсетілетін елді таңдайды. (Үлгіге байланысты)
⇩	
Уақыт белдеуі	Уақыт белдеуі мен жаз уақытын таңдайды. (Ел ретінде «Ресей» таңдалғанда)
⇩	
Кілт сөз орнату	Кілтсөзді орнатады. (Ел ретінде «Франция» таңдалғанда)
⇩	
Автоматты дәлдеу	Бар бағдарламаларды автоматты түрде іздеп, сақтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- DTV хабар тарату стандарттары расталмаған елдерде, DTV хабар тарату ортасына байланысты, кейбір DTV мүмкіндіктері жұмыс істемеуі мүмкін.
- Мемлекет ретінде Франция таңдалғанда кілтсөз «0», «0», «0», «0» емес, «1», «2», «3», «4» болады.

4 Негізгі параметрлер орнатылғанда **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бастапқы параметрлердің орнатылуы аяқталмаса, олар теледидар қосылған сайын көрсетіледі.
- Теледидар ұзақ уақыт пайдаланбағанда, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз.

5 Теледидарды өшіру үшін, ⏻(ҚУАТ) түймесін басыңыз.

Қазақша

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Ақаулық	Ажыратымдылық
Теледидаржы қашықтан басқару құралымен басқару мүмкін емес.	• Өнімдегі қашықтан басқару құралының сенсорын тексеріп, қайтадан көріңіз. • Өнім мен қашықтан басқару құралының арасында кедергінің жоқ екенін тексеріңіз. • Батареялардың жұмыс істеп тұрғанын және дұрыс орнатылғанын тексеріңіз (⊕ жағын ⊕ жағына, ⊖ жағын ⊖ жағына) • ТД немесе VCR сияқты тиісті кіріс режимінің қашықтан басқару құралымен қолдану үшін реттелгенін тексеріңіз.
Бейне көрсетілмейді және дыбыс шықпайды.	• Өнімнің қосылып тұрғанын тексеріңіз. • Қуат сымының розеткаға қосылғанын тексеріңіз. • Басқа өнімдерді жалғап, розетканың ақаулы емес екенін тексеріңіз.
Теледидарды қосқан кезде, бейне баяу пайда болады.	• Өнім іске қосылған кезде, бейненің дыбысы өшірулі болады. Бұл қалыпты жағдай. Егер бейне бірнеше минут ішінде пайда болмаса, теледидарды 30 секундқа розеткадан ажыратып, қайта көріңіз. Бейне сонда да көрсетілмесе, жергілікті уәкілетті қызмет орталығына хабарласыңыз.
Сыртқы құрылғыларды жалғау мүмкін емес.	• «**Байланыстарға шолу**» бөлімін оқып, сыртқы құрылғыны жалғаңыз.
Теледидар кенет өшіп қалады.	• Қуатты басқару параметрлерін тексеріңіз. Қуат көзі ажыратылуы мүмкін. • Уақыт параметрлерінде Автоматты ұйықтау мүмкіндігінің қосылып тұрғанын тексеріңіз. «**Автосөндіру таймері**» бөлімін қараңыз. • Теледидар қосылып тұрғанда, сигнал болмаса, онда 15 минут әрекетсіздіктен кейін, теледидар автоматты түрде өшеді.(22/26/32LK335C, 32/37/42LK455C, 19/22/26/32LV255C, 32/37/42/47LV355C үлгілерінен басқасында)

Ақаулық	Ажыратымдылық
Бейнелер көрсетілгенімен, дыбыс шықпайды.	• ◿ **+** немесе **-** түймесін басыңыз. • **MUTE** («Дыбысты өшіру») басылғанда дыбыстың өшіріліп-өшірілмейтінін тексеріңіз. • Басқа арналарға жылжып барыңыз. Таратуда ақаулық болуы мүмкін. • Аудио кабельдердің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
Динамиктердің біреуінен шу шығады немесе дыбыс шықпайды.	• Қоршаған орта ылғалдылығының немесе температураның өзгеруі өнімнің қосылуы немесе өшірілуі кезінде әдеттен тыс шудың пайда болуына апаруы мүмкін. • Өніміңізде ақаулық жоқ.

Ақаулық	Ажыратымдылық
Бейне қара және ақ түсте көрсетіледі немесе түс сапасы нашар.	• Түс параметрлерін **СУРЕТ** мәзірінде реттеңіз. • Осы өнім мен басқа электронды өнімдердің арасында тиісті қашықтық болуы тиіс. • Басқа арналарға жылжып барыңыз. Таратуда ақаулық болуы мүмкін.
Көлденең немесе тік сызықтар пайда болады немесе бейнелер анық көрсетілмейді.	• Электр жабдығы немесе механикалық құрал секілді жергілікті кедергілердің бар-жоғын тексеріңіз.
Бейнелерде сызықтар немесе жолақтар пайда болады	• Антеннаны тексеріңіз немесе антеннаны дұрыс бағытқа бұрыңыз.
Өнім өшірілгенде, қалдық бейнелер (іздер) пайда болады.	• Ұзақ уақыт бойы экранда қозғалыссыз тұрған бейненің әсерінен пиксельдер зақымданған болуы мүмкін. Пиксельдің зақымдануына жол бермеу үшін, экран сақтағышын пайдаланыңыз.
Электр қуаты қосылып тұрса да, экран қап-қара болып көрінеді.	• Жарықтық пен контрастты **СУРЕТ** мәзірінде реттеңіз.
“No Signal” appears on the screen.	• Теледидар мен өнімдердің арасында сигналдық кабельдің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. • **INPUT** («Кіріс») түймесін басып, таңдалған кіріс сигналын тексеріңіз.
Экранда қара дақтар көрсетіледі.	• Экранда қызыл, жасыл, ақ немесе қара түсті бірнеше пиксель пайда болуы мүмкін және бұл СКД панелінің сипаттарына қатысты орын алады. • Бұл қалыпты жағдай.
Дисплей дұрыс реттелмеген.	• Орналасу параметрін **СУРЕТ** мәзірінде реттеңіз (66-бетті қараңы). • Өнімнің бейне карта ажыратымдылығы мен жиілігін қолдайтынын тексеріңіз. Егер жиілік мөлшерден тыс болса, сыртқы құрылғыдағы дисплей параметрлерін қолданып, ұсынылатын ажыратымдылықты орнатыңыз.
Экран фонында жіңішке сызықтар пайда болады.	• Бейне кабельдердің жалғанған жерлерін тексеріңіз.
Көлденең сызықтар пайда болады немесе бейнелер бұлдырлайды.	• Фаза параметрін **СУРЕТ** мәзірінде реттеңіз. «**ЭКРАН**» бөлімін қараңыз.
Кейбір арналарда сигнал нашар қабылданады.	• Басқа арналарға жылжып барыңыз. Таратуда ақаулық болуы мүмкін. • Станция сигналы әлсіз болуы мүмкін. Антеннаны дұрыс бағытта бұрыңыз. • Электр жабдығы немесе механикалық құрал секілді жергілікті кедергілердің бар-жоғын тексеріңіз.

САЛМАҒЫ

ҮЛГІЛЕР		**22LK33****	**26LK33****
		22LK330-ZB / 22LK330A-ZB 22LK330N-ZB / 22LK331-ZA 22LK330U-ZB / 22LK335C-ZB	26LK330-ZB / 26LK330A-ZB 26LK330N-ZB / 26LK331-ZA 26LK330U-ZB / 26LK335C-ZB
Салмағы	тірекпен	4,3 kg	7,6 kg
	тірексіз	4,0 kg	6,5 kg
ҮЛГІЛЕР		**32LK33****	**32LK43****
		32LK330-ZB / 32LK330A-ZB 2LK330N-ZB / 32LK331-ZA 32LK330U-ZB / 32LK335C-ZB	32LK430-ZA / 32LK430N-ZA 32LK430A-ZA / 32LK430U-ZA
Салмағы	тірекпен	9,6 kg	9,4 kg
	тірексіз	8,6 kg	8,4 kg
ҮЛГІЛЕР		**37LK43****	**42LK43****
		37LK430-ZA / 37LK430N-ZA 37LK430A-ZA / 37LK430U-ZA	42LK430-ZA / 42LK430N-ZA 42LK430A-ZA / 42LK430U-ZA
Салмағы	тірекпен	12,5 kg	15,1 kg
	тірексіз	10,8 kg	13,5 kg
ҮЛГІЛЕР		**32LK45****	**37LK45****
		32LK450-ZB / 32LK450A-ZB 32LK450N-ZB / 32LK450U-ZB 32LK451-ZA / 32LK455C-ZB	37LK450-ZB / 37LK450A-ZB 37LK450N-ZB / 37LK450U-ZB 37LK451-ZA / 37LK455C-ZB
Салмағы	тірекпен	9,2 kg	12,8 kg
	тірексіз	8,1 kg	11,1 kg
ҮЛГІЛЕР		**42LK45****	**32LK53****
		42LK450-ZB / 42LK450A-ZB 42LK450N-ZB / 42LK450U-ZB 42LK451-ZA / 42LK455C-ZB	32LK530-ZC / 32LK530N-ZC 32LK530A-ZC / 32LK530U-ZC 32LK530T-ZC
Салмағы	тірекпен	15,1 kg	9,8 kg
	тірексіз	13,4 kg	8,7 kg
ҮЛГІЛЕР		**42LK53****	**47LK53****
		42LK530-ZC / 42LK530N-ZC 42LK530A-ZC/ 42LK530U-ZC 42LK530T-ZC	47LK530-ZC / 47LK530N-ZC 47LK530A-ZC/ 47LK530U-ZC 47LK530T-ZC
Салмағы	тірекпен	15,5 kg	20,3 kg
	тірексіз	13,9 kg	18,3 kg
ҮЛГІЛЕР		**32LK55****	**42LK55****
		32LK550-ZA / 32LK550A-ZA 32LK550N-ZA / 32LK550U-ZA 32LK551-ZB / 32LK550T-ZA	42LK550-ZA / 42LK550A-ZA 42LK550N-ZA / 42LK550U-ZA 42LK551-ZB / 42LK550T-ZA
Салмағы	тірекпен	9,2 kg	15,1 kg
	тірексіз	8,1 kg	13,4 kg
ҮЛГІЛЕР		**19LV25** / 19LV23****	**22LV25** / 22LV23****
		19LV2500-ZA / 19LV250N-ZA 19LV250A-ZA / 19LV250U-ZA 19LV2300-ZA / 19LV230N-ZA 19LV230A-ZA / 19LV230U-ZA 19LV255C-ZA	22LV2500-ZA / 22LV250N-ZA 22LV250A-ZA / 22LV250U-ZA 22LV2300-ZA / 22LV230N-ZA 22LV230A-ZA / 22LV230U-ZA 22LV255C-ZA
Салмағы	тірекпен	2,8 kg	3,4 kg
	тірексіз	2,5 kg	3,2 kg

Жоғарыда көрсетілген өнім сипаттамалары өнім функцияларының жетілдірілуіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

ҮЛГІЛЕР		26LV25**	32LV25**
		26LV2500-ZA / 26LV2540-ZE / 26LV250A-ZA / 26LV254A-ZE 26LV250N-ZA / 26LV254N-ZE / 26LV250U-ZA / 26LV254U-ZE 26LV255C-ZA	32LV2500-ZA / 32LV2540-ZE / 32LV250A-ZA / 32LV254A-ZE 32LV250N-ZA / 32LV254N-ZE / 32LV250U-ZA / 32LV254U-ZE 32LV255C-ZA
Салмағы	тірекпен	5,6 kg	11,9 kg
	тірексіз	5,0 kg	10,7 kg
ҮЛГІЛЕР		32LV35**	37LV35**
		32LV3500-ZA / 32LV3550-ZB 32LV350A-ZA / 32LV355A-ZB 32LV350N-ZA / 32LV355N-ZB 32LV350U-ZA / 32LV355U-ZB 32LV355T-ZC / 32LV355C-ZB	37LV3500-ZA / 37LV3550-ZB 37LV350A-ZA / 37LV355A-ZB 37LV350N-ZA / 37LV355N-ZB 37LV350U-ZA / 37LV355U-ZB 37LV355T-ZC / 37LV355C-ZB
Салмағы	тірекпен	11,4 kg	13,5 kg
	тірексіз	9,6 kg	11,7 kg
ҮЛГІЛЕР		40LV35**	42LV35**
		40LV3550-ZB / 40LV355N-ZB 40LV355A-ZB / 40LV355U-ZB	42LV3500-ZA / 42LV3550-ZB 42LV350A-ZA / 42LV355A-ZB 42LV350N-ZA / 42LV355N-ZB 42LV350U-ZA / 42LV355U-ZB 42LV355T-ZC / 42LV355C-ZB
Салмағы	тірекпен	37,3 kg	15,5 kg
	тірексіз	34,3 kg	13,3 kg
ҮЛГІЛЕР		47LV35**	
		47LV3500-ZA / 47LV3550-ZB 47LV350A-ZA / 47LV355A-ZB 47LV350N-ZA / 47LV355N-ZB 47LV350U-ZA / 47LV355U-ZB 47LV355T-ZC / 47LV355C-ZB	
Салмағы	тірекпен	20,9 kg	
	тірексіз	18,7 kg	
ҮЛГІЛЕР		32LV34**	42LV34**
		32LV3400-ZA / 32LV340N-ZA 32LV340A-ZA / 32LV340U-ZA	42LV3400-ZA / 42LV340N-ZA 42LV340A-ZA / 42LV340U-ZA
Салмағы	тірекпен	11,0 kg	14.8 kg
	тірексіз	9,3 kg	12.4 kg
ҮЛГІЛЕР		32LV45**	37LV45**
		32LV4500-ZC / 32LV450N-ZC 32LV450A-ZC / 32LV450U-ZC	37LV4500-ZC / 37LV450N-ZC 37LV450A-ZC / 37LV450U-ZC
Салмағы	тірекпен	10,9 kg	12,4 kg
	тірексіз	9,1 kg	10,6 kg
ҮЛГІЛЕР		42LV45**	47LV45**
		42LV4500-ZC / 42LV450N-ZC 42LV450A-ZC / 42LV450U-ZC	47LV4500-ZC / 47LV450N-ZC 47LV450A-ZC / 47LV450U-ZC
Салмағы	тірекпен	15,2 kg	20,7 kg
	тірексіз	13,0 kg	18,5 kg

Жоғарыда көрсетілген өнім сипаттамалары өнім функцияларының жетілдірілуіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

ҮЛГІЛЕР		32LW45**	42LW45**
		32LW4500-ZB / 32LW450N-ZB 32LW450A-ZB / 32LW450U-ZB	42LW4500-ZB / 42LW450N-ZB 42LW450A-ZB / 42LW450U-ZB
Салмағы	тірекпен	11,4 kg	15,9 kg
	тірексіз	9,1 kg	13,0 kg
ҮЛГІЛЕР		47LW45**	55LW45**
		47WL4500-ZB / 47WL450N-ZB 47WL450A-ZB / 47LW450U-ZB	55LW4500-ZB / 55LW450N-ZB 55LW450A-ZB / 55LW450U-ZB
Салмағы	тірекпен	21,4 kg	27,0 kg
	тірексіз	18,5 kg	22,0 kg
ҮЛГІЛЕР		22LV55**	26LV55**
		22LV5500-ZC / 22LV550N-ZC 22LV550A-ZC / 22LV550U-ZC 22LV5510-ZD / 22LV551N-ZD 22LV551A-ZD / 22LV551U-ZD	26LV5500-ZC / 26LV550N-ZC 26LV550A-ZC / 26LV550U-ZC 26LV5510-ZD / 26LV551N-ZD 26LV551A-ZD / 26LV551U-ZD
Салмағы	тірекпен	3,2 kg	5,05 kg
	тірексіз	2,8 kg	4,4 kg

Жоғарыда көрсетілген өнім сипаттамалары өнім функцияларының жетілдірілуіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал ескертуі

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін, http://opensource.lge.com веб-торабына өтіңіз.

Бастапқы мәтінмен бірге, барлық тиісті лицензия шарттарын, кепілдік бойынша жауапкершіліктен бас тарту мәлімдемелерін және авторлық құқық ескертулерін жүктеп алуға болады.

LG
Life's Good

РУКОВОДСТВО ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ

LCD / LED LCD

Внимательно прочтите это руководство перед тем, как начать использовать устройство, и сохраните его на будущее.

KZ. 7500561

P/NO: MFL67099916-RU

www.lg.com

- Прежде чем пользоваться устройством, внимательно прочитайте эти инструкции по технике безопасности.
- Иллюстрации в этом руководстве могут немного отличаться от вашего устройства и приведены здесь только для примера.

⚠ОПАСНО	• Проигнорировав такое предупреждение, можно получить серьезную травму. Возможен несчастный случай или смертельный исход.
⚠ВНИМАНИЕ	• Проигнорировав такое сообщение, можно получить легкую травму или повредить устройство.

МЕРЫ ПРЕДОСТОРОЖНОСТИ ПРИ УСТАНОВКЕ УСТРОЙСТВА

⚠ ОПАСНО

Держите устройство вдали от источников тепла, например электронагревателей.

- Несоблюдение этого правила может привести к поражению электрическим током, пожару, неправильной работе или деформации устройства.

Не используйте устройство в местах повышенной влажности, например в ванной комнате, или там, где оно может намокнуть.

- Иначе возможен пожар или поражение электрическим током.

При появлении запаха дыма, других запахов или необычных звуков выньте кабель питания из розетки и обратитесь в сервисный центр.

- Использование неисправного устройства может привести к поражению электрическим током или пожару.

⚠ ВНИМАНИЕ

Устройство должно стоять на плоской и устойчивой поверхности, откуда оно не может упасть.

- Если устройство упадет, оно может быть повреждено, а вы можете получить травму.

Защищайте устройство от прямого солнечного света.

- Иначе возможно повреждение устройства.

Не ставьте устройство в отсеки стенок и книжных шкафов.

-Вентиляция обязательна.

МЕРЫ ЗАЩИТЫ ОТ ПОРАЖЕНИЯ ЭЛЕКТРИЧЕСКИМ ТОКОМ

⚠ ОПАСНО

Убедитесь в том, что розетка, в которую вставлен кабель питания, заземлена.

- Иначе возможно поражение электрическим током или травма.

Не прикасайтесь к вилке мокрыми руками. Если контакты мокрые или пыльные, насухо вытрите вилку или сотрите с нее пыль.

